

Маңғыстау ауданының аумағында ауылдық округ және ауылдық округ құрамына кірмейтін ауыл әкімдерін сайлауды өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 15 шілдедегі № 243. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 шілдеде № 2272 тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 220 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 07.07.2016 № 220 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы" 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп Маңғыстау ауданының аумағында кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Село және селолық округ әкімдері үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандырсын.

3. "Маңғыстау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Маңғыстау облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы қаулыны аудан әкімдігінің ресми сайтында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Д.Сақтағановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Айтуаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Маңғыстау аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

А.Аққұлов

15 шілде 2013 жыл

Маңғыстау ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 15 шілдедегі № 243
қаулысына қосымша

Маңғыстау ауданының аумағында кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар

Село және селолық округтің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
Шетпе селосы	1) Шетпе селосы "Маңғыстау" темір жол вокзалы бөлімшесінің аумағындағы ақпараттық стенд 2) Шетпе селосы муниципалдық базар аумағындағы ақпараттық стенд
Сай Өтес селолық округі	Сай Өтес селолық округіндегі "Маңғыстау" темір жол вокзалы бөлімшесінің аумағындағы ақпараттық стенд
Жыңғылды селолық округі	Жыңғылды селолық округіндегі "Е.Айшуақұлы" атындағы орта мектептің аумағындағы ақпараттық стенд
Отпан селолық округі	Отпан селолық округіндегі Тұщыбек негізгі орта мектебінің аумағындағы ақпараттық стенд
Шайыр селосы	Шайыр селолық мәдениет үйі аумағындағы ақпараттық стенд
Тұщықұдық селолық округі	Тұщықұдық селолық округіндегі мәдениет үйі аумағындағы ақпараттық стенд
Шебір селолық округі	Шебір селолық округіндегі селолық клуб аумағындағы ақпараттық стенд
Қызан селолық округі	Қызан селолық мәдениет үйі аумағындағы ақпараттық стенд
Ақшымырау селолық округі	Ақшымырау селолық округі селолық клуб аумағындағы ақпараттық стенд
Жармыш селосы	Жармыш селолық мәдениет үйі аумағындағы ақпараттық стенд
Онды селосы	Онды селолық мәдениет үйі аумағындағы ақпараттық стенд
Ақтөбе селосы	Ұштаған селолық мәдениет үйі аумағындағы ақпараттық стенд